


№11-12 (2619-2620)
19/03/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ҚЫМБАТТЫ ӘРІПТЕСТЕР!

*Сіздерді көктемгі жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!*

*Біз осы мейрамды жаңа үмітпен, сағынышпен қарсы аламыз, өйткені Наурыз – жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы.*

*Наурыз әрбір теміржолшы отбасына ертеңгі күнге деген сенім әкелсін! Ал ортақ үйіміз – Қазақстан шаңырағының астында әрдайым тұрақтылық пен өркендеу болсын!*

*Өкінішке қарай, Наурызды екінші рет Covid-19 пандемиясы жағдайында атап өтуімізге тура келіп тұр. Алайда, мәжбүрлі шектеу шаралары тек сіздердің қауіпсіздіктеріңізге бағытталған.*

*Алдағы демалыс күндері жеке денсаулыққа назар аударып, санитарлық шараларды сақтауды сұраймын.*

*Өздеріңізді және жақындарыңызды қорғаңыздар!*

***Сауат МЫҢБАЕВ,***
***«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы***

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ПО ИТОГАМ 2020 ГОДА ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ ИЗ КАЗАХСТАНА В КНР ДОСТИГ

**14 млн тонн**

ДИАГНОСТИЧЕСКИМИ КОМПЛЕКСАМИ С МАЯ 2019 ГОДА ПО НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ПРОДИАГНОСТИРОВАНО БОЛЕЕ

**371 тыс. км**

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПУТЕЙ

ЗА ЯНВАРЬ-ФЕВРАЛЬ 2021 г. ПРОДАНО

**2184135**

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ БИЛЕТОВ

**Қазақстан машина жасаушылар одағының атынан «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы бірінші орынбасарының міндетін атқарушы Қанат Әлмағамбетов, бас инженер Батыр Котырев және «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Бақытжан Қуанышев «Құрметті машина жасаушы» төсбелгісіне ие болды.**

## «ҚҰРМЕТТІ МАШИНА ЖАСАУШЫ» төсбелгісімен марапатталды

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Нұр-Сұлтан




Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында берілген марапатты аталған одақтың атқарушы директоры Өмірсерік Ержанов салтанатты түрде табыс етті.

– Бұл төсбелгі осы салаға он жылдан артық үлес қосқан азаматтарға беріледі. Бүгінгі марапат иелерінің бірі Қанат Есмұханұлы жыл сайын импорт алмастыру іс-шарасын ұйымдастырып, теміржол саласындағы мекемелердің біздің машина жасаушылар шығарған өнімді алуына бейімдеп отырады. Батыр Қуанышұлы өткен жылы бізде сегізінші машина жасаушылар форумын өткізіп, теміржолшылар секциясына жетекшілік етті. Бір жылда атқарылған жұмыстарды көрсетті. Сол шешімдер Мемлекет басшысына жеткізіліп, соның нәтижесінде қаулы шығарылды. Ал Бақытжан Мұхамбетұлымен бірге бұрын Ресейдің қалаларын аралап, сол елде шығып жатқан локомотивтерді көрдік. Кейіннен бізге Локомотив құрастыру зауыты шығаратын «Эволюшн» локомотивтерінің де өндірісін дамытуға ол ғылыми тұрғыда үлес қосты. Сондықтан бұл азаматтар осындай марапаттар алуға әбден лайық, – деді Ө.Ержанов.

Атқарушы директордың айтуынша, қазіргі таңда Қазақстанның машина жасаушылар одағына қарайтын 420 кәсіпорын болса, соның 40-тан астамы теміржол саласына өнімдер дайындайды. Былтыр одаққа қарайтын кәсіпорындар 1 трлн 800 млрд теңгенің өнімін шығарған.

*Суретті түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

## УВАЖАЕМЫЕ ТРУЖЕНИКИ СТАЛЬНОЙ МАГИСТРАЛИ И ВЕТЕРАНЫ!

*От имени Центрального Совета ОО «КАЗПРОФТРАНС» поздравляю вас со светлым праздником Наурыз мейрамы!*

*Мы всегда с нетерпением ждем наступления весны, которая вместе с теплом и надеждой пробуждает в каждом из нас стремление к единству, согласию и взаимопониманию. Ведь не случайно с древних времен этот праздник почитался как светлый день, когда прекращались все споры, прощались обиды и забывались разногласия.*

*К сожалению, за последние два года мы стали свидетелями непростого времени, когда пандемия коронавируса оказала колоссальное влияние на многие сферы нашей жизнедеятельности.*

*Поэтому нам важно вновь проявить внимательность к родным и коллегам, заботу о своем здоровье.*

*Пусть наступающий праздник Наурыз мейрамы подарит каждому железнодорожнику надежду на лучшее, станет предвестником добрых перемен и придаст сил и энергии для новых свершений.*

*Дорогие друзья, примите самые искренние пожелания крепкого здоровья, счастья, успехов и процветания! С праздником Наурыз!*

***Оразгали АХМЕТБАЕВ,***
***председатель ОО «КАЗПРОФТРАНС»***

## Сотрудничество

## Обсудили развитие маршрута ТМТМ

**16-17 марта 2021 года в городе Стамбул (Турция) состоялось первое в текущем году выездное заседание Рабочей группы ОЮЛ «Международная ассоциация «Транскаспийский международный транспортный маршрут».**

**Алибек ТОЛЕГЕН,**
Нур-Султан



В ходе заседания участникам Рабочей группы был представлен отчет по итогам деятельности Ассоциации в 2020 году, а также планы развития на 2021 год. В итоговых докладах участников, несмотря на непростые условия работы, сложившиеся в связи с пандемией, в целом отмечено стабильное развитие маршрута, а также рост транзитных контейнерных перевозок.

– За 12 месяцев 2020 года транзит через территорию Республики Казахстан по маршруту ТМТМ составил 8,1 тысячи в двадцатифутовом эквиваленте (ДФЭ), в сравнении с аналогичным периодом прошлого года рост составил 9%. Тенденция роста транзита на маршруте в 2021 году сохраняется, и за 2 прошедших месяца объем составил 2,6 тысячи ДФЭ, что в 2,4 раза больше показателя прошлого года, – сказала в своем выступлении заместитель генерального директора АО «KTZ Express» по продажам Мадина Ахмеджанова.

В целом, по итогам мероприятия, Рабочей группой утверждены планы развития и объемы перевозок грузов по ТМТМ, а также согласованы тарифы на перевозки грузов на 2021 год. Кроме того, для полноценной реализации потенциала маршрута ТМТМ и улучшения производственных и экономических показателей участников, Рабочей группой принято решение приступить к разработке стратегии развития маршрута до 2025 года.



**КӨКТЕМГІ АҒЫН СУДЫҢ ЖОЛДЫ ШАЙЫП КЕТУІ СИЯҚТЫ САЛДАРЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ ҮШІН ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ОҢТҮСТІК, СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ БАТЫС ӨҢІРЛЕРІНДЕ ҚАЖЕТТІ ЗАТТАР ТИЕЛГЕН АҒЫН СУҒА ҚАРСЫ ПОЙЫЗДАР ЖАСАҚТАЛЫП, ТАСТҮЙІН ДАЙЫН ТҰР. СОНЫМЕН ҚАТАР ОЛАРҒА АПАТТЫҚ БРИГАДАЛАР ДА БЕКІТІЛГЕН**

**Арман ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ,**
Магистральдық желі дирекциясы директорының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары

## МДК: Қауіпсіздікті нығайтудағы қолдаушы күш

**«Цифрлық трансформация» бағдарламасы шеңберінде пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін арттыру үшін қол жеткізілген МДК, мобильді диагностикалық кешендер жұмысы қазір жақсы жолға қойылған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның магистральдық желілері инфрақұрылымын диагностикалауды 6 жаңа мобильді диагностикалық кешен жүргізеді. Олардың үшеуі екі жыл бұрын, қалған үшеуі бір жыл бұрын алынған.**

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Нұр-Сұлтан




Жақында автоматтандырылған жүйе арқылы жолдың ақаулы тұстарын анықтауға мүмкіндік беретін мобильді диагностикалық кешен жұмысымен танысу үшін елордадағы «ҚТЖ» ұлттық компаниясының «Жол диагностикалық орталығы» филиалына бардық. Орталық директоры Аслан Ақашовтың айтуынша, жалпы барлық МДК бойынша былтыр Қазақстанда 303817 км темір жол тексеріліпті. Ал аталған алты кешеннің біреуі МДК-70156 бастығы Сергей Эйхорн бастаған 9 қызметкер Астана-Шу телімі бойынша 1200 км жолға тексеру жүргізіп болып, бригадалар ауысып жатыр екен.

– Ресейден шығарылған «Инфотранс» компаниясының бұл кешені – соңғы үлгідегі диагностикалық пойыз. Бір ғана вагонның ішінде жұмыс аймағы, асханасы, жатын бөлмелер бар. Осы пойызбен бекітілген кестеге сай вахталық әдіспен он бес күн Қазақстанның барлық өңірлеріне барып тексеру жұмыстарын жүргіземіз. Операциялық залдарда ақауды көшіру нәтижелері, бейне бақылауды өңдеу, бүйір тозуын, екі рельс арасының орналасу геометриясын өлшеу, георадиолокациялық жүйе бойынша жұмыстар нәтижесі, лазерлік сканерлеу деректері шығарылатын аппараттар мен бағдарламалар және құрылғылар орнатылған, – дейді ол.



Аталған кешен бастығының орынбасары Бауыржан Тынышбайдың айтуынша, вагонның астында екі жарық беретін құрал, жоғары сапалы камера, екі рельс аралығы орналасу геометриясын анықтап, рельс профилін көрсететін лазерлік жабдық орнатылған. Алдыңғы жағында рельсті бұзбай бақылау бойынша ақауларды анықтайтын ақаутапқыш құрылғылар бар. Бір ауысымдағы 15 күнде пойыз 3-8 дистанция жолын тексеріп шығады.

*Суреттерді түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

№11-12 (2619-2620) 19/03/2021

## ЕСЕП БЕРІП, ЖОСПАР НАҚТЫЛАНДЫ

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Нұр-Сұлтан

КӘСІПОДАҚ

**«Қазақстандық салалық темір жол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаевтың жетекшілігімен кәсіподақ орталық кеңесінің және кеңеске қарасты атқарушы комитетінің отырысы өтті.**

Күн тәртібінде жиынға қатысушыларға кәсіподақтың ағымдық қызметі таныстырылып, 2020 жылға арналған бюджеттің орындалуы және кәсіподақтың орталық кеңесі аппаратының 2021 жылға арналған кірістері мен шығыстарының сметасы қаралды. Сонымен қатар Кәсіподақ филиалдарының 2021 жылға арналған бюджеттері бекітіліп, еңбек етуші әйелдер мәселелері жөніндегі комиссияның және кәсіподақтың жастар ісі жөніндегі комиссиясының құрамы туралы ақпарат көпшілік назарына ұсынылды. Кәсіподақ орталық кеңесі аппараты мен филиалдары төрағалары мен қызметкерлері қатысқан биылғы жылдың алғашқы отырысында күн тәртібіне шығарылған келесі бір мәселе, штаттық кестеге толықтырулар мен өзгерістердің енгізілуі туралы болды. Ол осы жылдан бастап тоқсан жылдық тарихы бар теміржолшылардың республикалық салалық басылымы – «Қазақстан теміржолшысы» газеті мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ музейлерінің қызметін қамтамасыз ету бойынша функциялардың салалық кәсіподақ еншісіне берілуімен байланысты еді. Осыған орай, кәсіподақтың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі «Қазақстан теміржолшысы» газетінің 2021 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған медиа-жоспары туралы басылым басшысы баяндады. Жиында кәсіподақтың 2020 жылғы жиынтық статистикалық есебі тыңдалып, демалыс кестесінің сақталуы да сөз болды.

## ЛОКОМОТИВ ӨНДІРІСІНЕ САЯХАТ

**Ардан СЕРДАЛЫ,**
Ақтөбе

КЕЗДЕСУ

**Еліміздегі 13 жөндеу кәсіпорнын біріктіретін «Қамқор Локомотив» ЖШС жұмысы Ақтөбеге келген теміржолшы-блогерлерге таныстырылды. Американдық технологиямен жабдықталған орталықтың заманауи мүмкіндіктерімен танысқан жас теміржолшылар вагондарды жөндеу, тазалау цехтарын аралады.**



«Қамқор Локомотив» ЖШС-нің табалдырығын аттаған жастарға алдымен техникалық қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Сосын локомотивтер және МЖҚ локомотив жабдықтарын күрделі жөндеу және техникалық қызмет көрсету, соның ішінде дизельді қозғалтқыштар, электр машиналары, доңғалақтарды жөндеу және қалыптастыру сәтінен жұмыстармен таныстырды.

«Локомотивтердің жаңа және ескі серияларына осы жерде сервистік қызмет көрсетіледі. Техникалық қызмет көрсетумен қатар, күрделі жөндеу жұмыстарымен айналысамыз. ЭПЗД сериялы электрлі пойыздарды күрделі жөндеу, техникалық қызмет көрсету бар. ТЭМ-KZ сериялы маневрлік локомотивтері құрастырылады. Барлық техникалар заманауи үлгіде», – дейді Қамқор локомотив менеджері Серік Жұмабаев.

2014 жылы жекешелендіру аясында құрылған компанияның цехтардағы жұмыс жасау ерекшелігі, крандарды қозғауға вагон жуу жұмыстарына дейін егжей-тегжей көрсетілді. Вагондарды жөндеу, тазалау орындарымен де таныстырды. «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің инженері Бибігүл Бозанова мамандарды даярлау тәртібін көрсетті. Жас теміржолшылар істен шыққан қозғалтқыш жұмысымен оқу залында танысты.

«Ақтөбеге келгеніме қуаныштымын. Кеше аралаған «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» жұмысымен танысу керемет әсер қалдырды. Біздің компания үшін ол – үлкен инновациялық жоба. Компанияның дамуын көрдік. Және басқарма тарапынан ұжымдық блогерлер жұмысын дамыту арқылы жолаушылар жақсы жағынан таниды деп сенеміз. Бүгін Қазақстанда ерекше техникалық қызмет көрсететін орталық жұмысымен танысып жатырмыз. Сапар қызықты өтуде», – дейді Қостанай локомотив пайдалану деposының инженері Әсел Әбішева.

*Суретті түсірген автор*





## СҰРЫПТЫҚ ЖЕЛІНІ КЕҢЕЙТТІ

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

**Ақтөбе рельс-арқалық зауыты фасонды прокаттың сұрыптық желісін кеңейтті. Өнімін Өзбекстан, Тәжікстан, Белорусь, Грузия, Түркіменстан, Ресей Федерациясы және Эстонияға экспорттап отырған алпауыт компания енді өндірісте №30 ыстықтай илектелген қоставрлы болат арқалық шығаруды жолға қойды.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мәліметінше, жаңа өнім халықаралық стандарттардың жоғары талаптарына жауап береді және ГОСТ 8239-89, ГОСТ 535-2005 сәйкес шығарылады. Сапаны бақылау бойынша барлық қажетті сынақтар жеке аккредиттелген зертханада өткізілді.

Жаңа өнім өндірісін игеруге дайындық 2020 жылы басталды, ал ағымдағы жылдың ақпан айында халықаралық стандарттардың барлық талаптарына жауап беретін өнімді ала отырып, тәжірибелік прокат жүргізгеннен кейін процесс толығымен аяқталды. Сұрыпталымның жаңа түрін шығару ішкі нарықтың қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ жалпы республиканың, атап айтқанда зауыттың экспорттық әлеуетін арттырады. Бүгінгі таңда Ақтөбе рельс-арқалық зауыты өнімінің сапасын Ресей, Украина, Түркіменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия, Белорусь, Ауғанстан, Эстония, Латвия, Түркия сияқты елдердің халықаралық тұтынушылары растады.

«Біз жоғары жылдамдықты магистральдарға арналған рельстерді өндірумен қатар фасонды прокат сұрыптамасын игеріп, 1-сұрыпты өнімге қойылатын талаптарға сәйкес келетін профиль геометриясы бойынша барлық сапа көрсеткіштерін ала алғанымызға қуаныштымыз. Қазір біз қол жеткізген нәтижелерді бекіту бойынша жұмыстар жүргізіп жатырмыз, қоймадағы өнімнің барлық көлемін сыннан өткізіп жатырмыз», – деп атап өтті өндіріс ошағының бас директоры Валерий Обилец.

Қазақстанда №30 ыстықтай илектелген қоставрлы болат арқалық өндірісі бұрын жүргізілмеген. Металл бұйымдарының бұл түрі қазіргі заманғы ірі панельді және блоктық, азаматтық және өнеркәсіптік құрылыста кеңінен қолданылады, мысалы, бағаналық металл конструкцияларын, әртүрлі көпір құрылыстарын, эстакадаларды, аспалы жолдар мен тіректерді салу үшін қолданылады.

Кәсіпорынның бас директорының айтуынша, қоставрлы болат арқалықтардың қолданылу аясы құрылыс салудан бастап ауыр машина жасауға, вагон жасауға дейін, тіпті құрылыстарды безендіру кезінде де кең қолданылады. Олар тік көлденең әсерден жоғары жүктемелер бар көпірлерді, жер үсті өткелдерін және басқа нысандарды салу кезінде қажет. Мұндай арқалықтар құрылыс шығындарын едәуір азайтуға көмектеседі.

> **БҮГІНГІ ТАҢДА АҚТӨБЕ РЕЛЬС-АРҚАЛЫҚ ЗАУЫТЫ ӨНІМІНІҢ САПАСЫН РЕСЕЙ, УКРАИНА, ТҮРКІМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН, ГРУЗИЯ, БЕЛОРУССИЯ, АУҒАНСТАН, ЭСТОНИЯ, ЛАТВИЯ, ТҮРКИЯ СИЯҚТЫ ЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ РАСТАДЫ.**

Кәсіпорын жеткен жетістіктермен тоқтап қалмай, өнімнің сапасын одан әрі жақсартуға және шығарылатын өнім желісін кеңейтуге ниетті. Қазір кәсіпорын басшылығы жаңа өнімді жеткізу үшін халықаралық серіктестермен келіссөздер жүргізуде.

Естеріңізге сала кетейік, Ақтөбе рельс-арқалық зауыты ұзындығы 120 метрге дейін жететін жоғары сапалы рельстерді және орташа пішінді прокат шығаратын еліміздегі жалғыз кәсіпорын болып табылады. Зауыттың жобалық қуаты 430 мың тонна дайын өнімді құрайды, оның ішінде 200 мың тонна рельстік өнім және 230 мың тонна фасондық прокат. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін шығарылатын өнімнің сапасын бірінші дәрежелі мамандар, жоғары технологиялық жабдық және процестерді автоматтандырудың жоғары дәрежесімен әлемге әйгілі «Primetals Technologies Italy S. r.l. (Siemens-VAI)» илемдеу орнағы қамтамасыз етеді.

Зауыт өнімдерінің Қазақстандағы ең ірі тұтынушысы – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ. «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ арасындағы рельсті сатып алу жөніндегі ұзақ мерзімді келісімшарт шеңберінде магистральды темір жол желілерін жаңғырту жұмыстарына 2022 жылға дейін 600 мың тоннадан астам өнім жеткізуді жоспарлап отыр.

*Суреттерді түсірген автор*

## Станция тынысы

## ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ САҚТАЛЫП ОТЫР

**Қызылорда станциясының теміржолшылары пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыра отырып, өткен жылдың өндірістік жұмыс көрсеткіштерін жоғары деңгейде атқарып шықты. Ағымдағы жылды да соны серпінмен бастап, алғашқы нәтижелерімен қуантуда.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда



Станцияның техникалық бөлімінің маманы Мөлдір Дәулеткелдиева ұсынған мәліметтерді талдасақ, қызылордалықтар өткен жылы 1660 вагонға жүк тиеу межесін 2152 вагонға, 93622 тонна жүк тиеу көрсеткішін 129512 тоннаға жеткізіп, жоспарды тиісінше 130 пен 138 пайызға асыра орындаған. Сонымен қатар 9090 вагоннан жүк түсіру межесін 10007 вагонға жеткізсе, тағы осынша вагоннан 537232 тонна жүк түсіріп, жоспарды 110 пайызға артығымен атқарған. Бұдан басқа да өндірістік көрсеткіштерді 103,11-178,8 пайыз аралығында орындауға қол жеткізген.

Өндірістік жұмысқа бірнеше ауысыммен араласатын станциялықтар карантиндік режимде жұмыс жасағандықтан өзара әрекет барысында арақашықтықтың сақталуын, гигиеналық, санитарлық сақтық шараларына аса назар бөлуді әдетке айналдырған. Бұл тапсырмалар әр уақыт ауысым алдындағы инструктажда, онлайн режимінде өткізілетін бас қосу жиындарында да қатаң ескеріліп, басшылықтың тұрақты бақылауына алынған.

– Біздің станция теміржолшылары өткен жылдың жұмыс көрсеткіштерін 103 пен 138 пайыз арасында асыра орындады. 129512 тонна жүк тиелсе, 537232 тонна жүк түсіріліп, алдымызға қойылған межені толық әрі артығымен орындап шықтық. Биыл да осы қарқынымыздан таймай бекітілген көрсеткіштерде кем нәтиже болмауы үшін жұмыс жасап жатырмыз, – деді станцияның техникалық бөлімінің маманы.

Аймақтағы қазіргі эпидемиялық ахуалға сай жұмыс ырғағын бөлімше басшылығының келісімімен реттеген станциялықтар биылғы жылдың алғашқы айында 113 вагонға жүк толтыру межесін 137 вагонға жеткізіп, 7176 тонна жүк тиеу жоспары 8821 тоннаға өсіп, көрсеткіш сәйкесінше 121,2 мен 122,92 пайыз арасында орындалыпты. Өндірістік жұмыс көрсеткіштерінің өзге де критерийлері 98,60 және 229,28 пайыз аралығын көрсеткен.

– Әріптестерімнің басым бөлігі аса қауіпті саналатын аумақта жұмыс жасайтындықтан және де аймақтағы карантиндік жүйеге байланысты сақтық шараларын қатаң сақтауын талап етіп, оның орындалуын бақылап отырамыз. Теміржолшылардың жұмыс кезінде байланыс құрылғыларымен хабарласып, бір-бірінен көз жазып қалмай әрекеттерін есеппен жасауына көңіл бөлеміз. Оларға қажетті маусымдық киім-кешек берілген, санитарлық қорғаныс заттары жеткілікті, – дейді әркез әріптестерінің аман-саулығына алаңдап отыратын Мөлдір Дәулеткелдиева.

*Суретті түсірген автор*

№11-12 (2619-2620) 19/03/2021

# РАСШИРЯЕМ ГЕОГРАФИЮ УСЛУГ

СОТРУДНИЧЕСТВО

**Крупнейший оператор грузового вагонного парка – АО «Қазтеміртранс» расширил географию предоставления своих услуг. С начала этого года оператор осуществляет перевозки грузоотправителей, основная доля продукции которых приходится на отечественный рынок и рынок ЕАЭС.**

**Алуа ТЛЕУБАЙ,**
Нур-Султан

Вагоны АО «Қазтеміртранс» доставляют: прокат черного металла – по маршрутам Жанааул – Ивантеевка, Новосибирск-Западный; серы – Карабатаново – Лужская; угля каменного – Караганда-Угольная – Новокузнецк-Северный, Коржункуль – Электростанция, Шубарколь – Лужская, Екибастуз – Петропавловск, Ушкулын – Петропавловск; пищевую соль – Илецк 1 – Санкт-Петербург, Люблино, Самара, Клещиха, Мальчики; щебень – по маршруту Мугалжар – Сайхин и другое.

– Для повышения конкурентоспособности мы открыты к диалогу по предоставлению подвижного состава как во внутриреспубликанских, так и в экспортных перевозках. Для удобства грузоотправителей и повышения показателя оборота полувагона заявки грузоотправителей рассматриваются, согласовываются и исполняются в установленный срок. Ни один запрос не остается без ответа.




Развивая клиентоориентированность, мы стремимся выявить потребности нашего клиента, удовлетворить их, превзойдя его ожидания, – отметил генеральный директор АО «Қазтеміртранс» Галым Кашкинбаев.

В прошлом году заключен ряд прямых контрактов с крупными грузоотправителями. В рамках достигнутой договоренности осуществлены перевозки антрацита, консервов, сахара, мрамора с российских станций Линево, Тихоново, Еманжелинск, Копылово, Асино, Пешелань, Джабык, Субутак, Крейда, Нежеголь, Купавна, Обнинское, Учалы на станции Казахстана и страны Средней Азии.

К примеру, производитель хромовой руды – ТОО «Восход Трейдинг» – обратился в АО «Қазтеміртранс». Вопрос по двум направлениям доставки груза оперативно решен. Полувагоны казахстанского оператора задействованы по маршрутам: станция отправления – Сарысай, станция назначения – Колюткино и станция назначения Первоуральск (Свердловская область, Россия). По третьему маршруту: станция Сарысай – станция Тихвин Октябрьской железной дороги (Россия) по согласованию сторон привлечен частный парк, стоимость услуг которого удовлетворила грузоотправителя.

По словам представителя акционеров – ТОО «Восход Трейдинг», исполнительного директора Yildirim Holding Kazakhstan Дмитрия Ткаченко, груз доставляется парком АО «Қазтеміртранс» в соответствии с заявленными объемами и ценовой политикой.

# ПОЕЗДА ИДУТ ПО ГРАФИКУ

СНЕГОБОРЬБА

**Первый месяц весны ознаменовался обильными снегопадами, обрушившимися практически на все регионы страны. И если автомобильные дороги из-за разыгравшейся стихии закрывались одна за другой, поезда продолжали следовать по расписанию. К превратностям погоды в АО «НК «ҚТЖ» всегда готовы – заблаговременно выводится снегоуборочная техника и усиливаются смены путейцев.**

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

С начала марта борьбу со снегом на железной дороге ведут порядка 13 тысяч работников пути и 805 спецмашин. За это время очищено свыше 33 тысяч километров железнодорожного полотна и убрано более 248 тысяч кубометров снега.

Как водится, основная тяжесть работ легла на плечи путейцев. В круглосуточном режиме они боролись с снежными заносами. Ситуацию усугублял сильный ветер, который буквально сбивал с ног и «возвращал» снег на очищенные пути и стрелочные переводы. Однако, невзирая на сложные метеорологические условия, работы велись в штатном режиме.

Зачастую на подмогу путейцам выходит техника. Так, с начала зимы осуществлено 3 180 выездов снегоуборочных и снегоочистительных машин, с помощью которых очищено порядка 121 тысячи километров пути, 15 300 стрелочных переводов и вывезено 1 065 595 кубометров снега.

– Уже первые снегопады показали, что к зиме в АО «НК «ҚТЖ» готовы. Железная дорога во всеоружии встретила стихию, все подразделения оперативно включились в работу и не допустили сбоев в движении поездов, – отмечает заместитель директора по корпоративному развитию филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Арман Кулмагамбетов. – Конечно, особое внимание уделялось самым уязвимым местам – стрелочным переводам, где во время непогоды было организовано круглосуточное дежурство.





В целом минувшей зимой в снегоборьбе было задействовано 157 033 железнодорожника, в том числе 4 128 работников второй очереди – тех, кто в обычные дни исполняет другие обязанности.

Сейчас в компании продолжаются работы по вывозу снега и подготовке к паводковому периоду. Ввиду достаточно холодной и снежной зимы в ҚТЖ этой весной ждут «большой воды». Резкое таяние снега и замерзшая земля могут способствовать обильному паводку. Предугадать этот процесс непросто.

– Чтобы оперативно ликвидировать размывы и их последствия в период паводка, к настоящему моменту уже сформировано 35 противоразмывных поездов в южном, восточном и западном регионах страны. За ними закреплены аварийные бригады. Ведется формирование 10 поездов на севере, – сообщил Арман Кулмагамбетов.

В состав каждого такого поезда входят вагоны с щебнем, некондиционными шпалами и необходимым набором инструментов. Противоразмывный поезд, в случае необходимости, может быть направлен в любое из отделений дороги. Железнодорожниками совместно с органами ЧС определены особо опасные места и ежедневно осуществляется их мониторинг и контроль. Особое внимание уделяется мостам, водопропускным трубам, водохранилищам и инженерным сооружениям.

## Безопасность

# ВСЕГДА НАЧЕКУ

**Машинисты локомотивной бригады оборотного депо Кушмурун Есильского эксплуатационного локомотивного депо Костанайского отделения грузовых перевозок предотвратили сход подвижного состава, вовремя обнаружив дефект пути.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай



ЧП произошло на станции Апановка участка Тобол – Кушмурун. Локомотив под управлением машиниста тепловоза Ивана Мосейчук и помощника машиниста Айдара Ахметова резервом возвращался со станции Притобольская на станцию Аманкарагай. При следовании по станции Апановка Иван Мосейчук увидел на смежном пути странный блеск рельса. Остановив локомотив, они с помощником осмотрели место и обнаружили в хвосте крестовины стрелочного перевода №13 излом рельса. Тут же сообщили о происшествии согласно схеме оповещения, а также остановили встречный грузовой поезд, который следовал по этой линии.

– Данная локомотивная бригада проявила особую бдительность, – говорит главный региональный ревизор по Костанайскому участку департамента безопасности движения Алибек Махамбет. – Благодаря ее грамотным и оперативным действиям удалось предотвратить тяжелые последствия. В целях мотивации работников железнодорожного транспорта по обеспечению безопасности движения поездов мы подали письмо с просьбой поощрить их за проявленную бдительность. В целом же, подобные случаи свидетельствуют о профессионализме, ответственности наших работников, а также о понимании ими того, что безопасность движения всегда должна стоять на первом месте.

52-летний машинист тепловоза Иван Мосейчук работает на железной дороге с 1989 года, начинал помощником составителя поездов в Костанайском отделении, с того же года стал помощником машиниста в Есильском эксплуатационном локомотивном депо оборотного депо Кушмурун. Затем, пройдя обучение, с апреля 1993 года стал работать машинистом тепловоза. По свидетельству коллег и руководства, за время работы зарекомендовал себя с положительной стороны, как дисциплинированный работник. К работе относится добросовестно, требователен к себе. Своевременно и точно выполняет должностные обязанности, обеспечивает безопасность движения.

26-летний Айдар Ахметов работает помощником машиниста тепловоза в оборотном депо Кушмурун Есильского эксплуатационного локомотивного депо с августа 2018 года. За время работы также зарекомендовал себя с положительной стороны.

Благодаря их бдительности и профессионализму можно быть уверенными, что состав под их управлением всегда будет в безопасности и в целости придет к месту назначения.

*Фото автора*

## ДОРОГИЕ ДРУЗЬЯ!

*Поздравляю вас с наступлением светлого праздника Наурыз и выражаю вам свое глубокое уважение и самые теплые, искренние пожелания!*

*Пришедший из глубины веков, этот замечательный праздник является важной, неотъемлемой частью исторического, культурного, духовного наследия народа Казахстана и знаменует весеннее обновление природы, очищение души и начало новой жизни.*

*Древняя философия Наурыза прежде всего заключается в сохранении мира и бережном отношении к здоровью человека.*

*И сегодня мы еще глубже осознали эту истину, столкнувшись с такой серьезной угрозой, как пандемия коронавируса. Уверен, что, проявляя твердую волю, высокую ответственность, опираясь на нашу солидарность, мы преодолеем и это испытание.*

*К празднику, как и столетия назад, в каждом доме готовятся национальные блюда, которыми щедро потчуют гостей. В эти дни принято помогать тем, кто нуждается в заботе и поддержке.*

*Надеюсь, в скором времени эти тревожные дни останутся позади, и мы вместе отметим еще много праздников, трудовых побед и важных событий.*

*Желаю вам здоровья, успехов, семейного благополучия!*

***Геннадий КОСОЛАПОВ,***
***Генеральный секретарь МКПЖ***

# ОБЪЕМЫ НА ПОДЪЕМЕ

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Нур-Султан

ПЕРЕВОЗКИ

**КНР и Казахстан приступили к согласованию объема перевозок на 2021 год. Так, в режиме видеоконференцсвязи началось очередное совещание Комиссии ОСЖД по грузовым перевозкам.**

На повестке дня – подведение итогов выполнения объемов перевозок в прошлом году и согласование объемов перевозок экспортных, импортных и транзитных грузов на 2021 год с распределением по кварталам, родам грузов и каждому пограничному переходу. Основные темы пленарных заседаний – разработка технических и организационных мероприятий по выполнению запланированных объемов грузооборота.

В работе совещания принимают участие представители железнодорожных администраций Казахстана, Китайской Народной Республики, Российской Федерации, Социалистической Республики Вьетнам, Корейской Народно-Демократической Республики и Монголии.

В первый день совещания отмечалось, что по итогам 2020 года объем перевозок грузов железнодорожным транспортом из КНР в Казахстан вырос на 13% к уровню 2019 года и составил 7,6 миллиона тонн. В обратном направлении увеличился на 30% к показателю предыдущего года и достиг 14 миллионов тонн.

В своем приветственном слове первый заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов отметил, что главной темой для обсуждения станут вопросы пропуска грузов на границе с КНР, выполнения норм международных соглашений всеми участниками перевозочного процесса.

С ноября прошлого года в связи с введением со стороны КНР карантинных мер Китай не принимает крытые вагоны, в том числе с зерновыми. Аналогичная ситуация сложилась и у России.

Комиссия завершит свою работу 19 марта. Итогом переговоров станет подписание протокола совещания Комиссии ОСЖД.

# ТЕПЕРЬ БЫСТРЕЕ

**Кирилл МАКСИМОВ,**
Нур-Султан

СЕРВИС

**В порту Актау впервые произвели электронное транзитное декларирование контейнерного поезда, следующего из стран Среднего Востока в Китай.**

Работники филиала АО «KTZ Express» – «KTZE Западный» завершили оформление состава из 42 сорокафутовых контейнеров, груженых гипсом, всего за 6 часов.

Сокращение времени – не единственный плюс перехода на электронное декларирование. Сервис исключает человеческий фактор, обеспечивает максимальную прозрачность процесса и в целом способствует увеличению транзитного потенциала.

Транзитные перевозки являются основным драйвером роста транспортной системы Казахстана. Со своей стороны, АО «НК «ҚТЖ» создает все условия для принятия и обслуживания грузопотоков, взаимодействуя с клиентами и обеспечивая комплексный сервис на маршрутах через нашу страну.

В планах филиала АО «KTZ Express» – развитие электронного декларирования не только в транзитном сообщении, но и в экспортных и импортных перевозках, проходящих через порты Актау и Курык.

Стоит отметить, что наряду с внедрением сервиса по оказанию таможенно-брокерских услуг в агентском пункте Актау открыт коммерческий офис по продажам и обслуживанию клиентов, а также работает круглосуточная диспетчерская служба.

№11-12 (2619-2620) 19/03/2021

**Биыл 8 ақпанда Қазақстан Республикасының жеке құрама атқыштар батальондарының Тәжік-Ауған шекарасынан шығарылғанына 20 жыл толды. Осыған орай, «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшылығы Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс-қимылдарына қатысқан жауынгер, Астана телімі бойынша «Экспресс» Тұлпар-Тальго жолаушылар пойызының бастығы Мамырбек Ойсылбаевты ҚР Ауғанстан және жергілікті соғыстар одағы атынан мерекелік медальмен марапаттады.**



## ДОСТЫҚТА ЖОҚ ШЕКАРА

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Мамырбек қазіргі Түркістан облысы Төле би ауданына қарасты Қызылқанат елді мекенінде 1978 жылы дүниеге келіпті. Отбасындағы он төрт баланың оныншысы екен. Мектепті бітіріп, ел алдындағы азаматтық борышын өтеуге екі жылға әскерге аттанады. Семейдің Мақаншы шекара отрядына түскен Мамырбек Қазақстан-Қытай шекарасында бір жыл қызмет етіп, сол жерде әскери жаттығудың қыр-сырына машықтанады. Ал бір жылдан соң, 1998 жылдың күзінде Қазақстанның бітімгершілік операциясы шеңберінде Тәжік-Ауған шекарасына жіберіліпті.

– Тәжік-Ауған шекарасында Қазақстанның бітімгершілік операциясы 1992 жылы басталып, 2001 жылы аяқталды. Биыл аталған шекарадан қазақстандық әскери батальондардың шығарылғанына 20 жыл толып отыр. Тәжік-Ауған шекарасына әскери батальонды жіберу барысында іріктеу жүрді. Елуден астам сарбаздың арасынан отыз жігітті таңдап алды. Солардың қатарында мен де болдым. Біздің міндетіміз қазақстандық жауынгерлердің әскери тактикаларын сол жақта көрсетіп және тәжік әскерлерінің ұрыс-қимылдарымен тәжірибе алмасу болатын. Оның үстіне, сол кездерде түрлі діни ағымдық қақтығыстарға қатысты ұрыстар болып жатты. Тәжік шекарасына әскери күш жетіспей жатты. Сондықтан Елбасының тапсырмасымен құрылған бітімгершілік операциясы шеңберінде біз тәжік елінің шекарасын қорғауға қатыстық. Әрине, тәуелсіздік алған жылдардың басы болғандықтан Тәжікстанда да экономикалық жағдай өте төмен болды. Тауынан тасы көп, күн төбеден тескен елдімекен болғандықтан, қиыншылығы да, шекара болғандықтан қауіптілігі де басым болды. Бірақ, сол бір жыл біз үшін жауынгер ретінде, ер азамат ретінде шыңдалудың үлгісі болды десек, артық айтқандық емес. Кейде жарып тамақ ішпейтін кезіміз де болды. Бірақ, біз егеменді қазақ деген елдің қайсар ұлдары екенімізді көрсетуге тырыстық, қиындықты мойнымызбен көтере білдік, – деп еске алады ол.

Әскерден елге оралған Мамырбек «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның жолсеріктерге іріктеу конкурсына қатысып, жұмысқа орналасады. Алдымен Павлодар теміржол мектебінде үш айлық жолсерік курсында оқып, білімін жетілдіреді. Міне, теміржол көлігінде қызмет етіп жатқанына он тоғыз жыл. Бүгінде «Экспресс» тальго жолаушылар пойызында бригадир. Үйлі-баранды, бес баланың әкесі бір кездері жат елдің шекарасын күзетіп, жауынгерлік борышын атқарғанын мақтан тұтады. «Достықта жоқ шекара» деген дұрыс сөз, тәжіктен де, ауғаннан да талай дос тауып, жергілікті халықтың алғысын алдық, одан артық абырой бар ма?!» дейді кейіпкеріміз.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ТІГІНШІГЕ АЙНАЛҒАН ТЕМІРЖОЛШЫ

**Қазақта «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» немесе «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» деген мақалдар тектен тек айтылмаған. Бойында қайрат барда өмір бойына оқып, біліп, үйренгеннен зиян жоқ, ал пайдасы орасан зор.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау



Теміржолшылар династиясын жалғастырушы Теңелбайқызы Сәбила апа – осындай ұстанымның адамы. Бүгінде жасы жетпіске таяған ол қазақи нақыштағы ою-өрнектен құралған құрақ көрпелер тігеді.

Сәбила Асылбаева өткен ғасырдың 70-ші жылдары 11 кластық мектепті бітіріп, алғашқы еңбек жолын Доссор станциясында бұрмашы болып бастайды. Әкесі Теңелбай Дәрібаев та теміржолшы, пойыздардың жүріп-тұруын жезлмен реттейтін маман болған. Теміржолшының қызы Сәбила апа жолдамамен Ташкент темір жол институтына оқуға түсіп, оны «Қозғалыс инженері» мамандығы бойынша бітіреді де, Доссор станциясына қайта келеді.

1979 жылдан бастап бөлімшенің жүрегі саналатын бірнеше жол торабы бар Мақат станциясында станция кезекшісі, ал кейін маневр диспетчері болып зейнеткерлікке дейін және тағы 3 жыл жұмыс жасайды. Мұнайшы Асылбаев Боран ағамен отау құрып, бүгінде Еркін, Екпін, Мөлдір есімді ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отыр. Қырық жылдан астам темір жолда еңбек еткен ананың бүгінде ұлдары мен немерелері арасында да кәсібін жалғастырып жүргендері бар.

«Өмір бойына еңбек етіп келген адамға үйде бос отырып қалу да қиын ғой. Содан бірде ғаламторды шарлап отырып, қиынды маталардан әр түрлі ас үйге қажетті бұйымдар тігуге болатынын көріп, қызықтым. Үйдегі маталарды қиып әуелі шәйнек астына қоятын бұйым тігіп көрдім. Өзіме ұнады. Содан шағын көрпешелер тіге бастадым. Құлшынысым бұрынғыдан да арта түсті. Мұны көрген балам жаңа тігін машинасын сатып алып берді. Ынтам бұрығыдан да артып, жаңа тынысым ашылғандай болды. Үйренсем, білсем деген адамға бүгінде бәрі қолжетімді екен. Қай жаста да үйренгеннің зияны жоқ. Жемісті жұмыс жанынды тындырады. Қазір келіндермен ас үйде жағаласпаймын, немерелерімнен кейінгі ермегім осы. Тігін машинамды қосып сырылдатып тіге беремін» дейді Сәбила апа.

Әбден машықтанып алған соң ол үлкен көрпелер, жастықтар, жамылғылар тіге бастайды. Мұны көрген ағайындары қуанып, тұрмысқа шыққан қыздарына тарту-таралғы ретінде де көрпе-төсегін дайындап беруге қолқа сала бастаған. Әрі тігінші, әрі дизайнері де өзі. «Құрақ көрпелер – ата-бабамыздан келе жатқан дәстүр. Құрақ құрау себебі – қалдық қалдырмау. Ертеде қазақ даласында қымбат маталар тапшы болғандықтан, киім-кешек тігушілер қалған маталардың қиықтарын бір кәдеге жаратуға тырысып, олардан әртүрлі бұйымдар жасаған. Сөйтіп, құрақ құрау өнері дүниеге келген. Ал, ысырапшылдық – қазақтарға жат қылық. Ежелден-ақ ата-бабаларымыз үнемшіл болып, қолдағы темір, сүйек, ағаш, тері тәрізді заттардың да кесінділерін қажетіне ұқсатып, тастамаған ғой. Қазір ұлттық салт-дәстүріміз қайтадан жаңғырып, өмірімізге терендеп енгендіктен, қазақтың құрақ құрау өнері де қайтадан дамып отыр» дейді Сәбила апа.

Иә, жасы жетпіске келсе де кәсіптен қалмай, ұлттық өнерді дәріптеп отырған Сәбила апаның өнері кім-кімге де өнеге екені сөзсіз.

*Суретті түсірген автор*



**Астана жол дистанциясының өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші инженері Айгүл Төрежанованың серігі – домбыра. Қазақтың осы киелі аспабымен өз ортасында, ұжымдағы шараларда әуелетіп ән салатын оның өнеріне бәрі тәнті.**

## АЙГҮЛДІҢ СЕРІГІ – ДОМБЫРА

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

Домбыраны өз бетінше тартып үйренген ол қазір отырыстарда қазақтың халық әндерін орындайды. Сонымен қоса «Тамаша», «Еркем-ай», «Аппақ гүлдер», «Ана туралы жыр» деген әндер көңіліне жақын. Қазір оның ұлы да гитарамен ән айтып, кейде анасына қосылып, екеуі бірге шырқайды. Жұбайы екеуі караокеге барып ән салып, уақыт өткізуді ең дұрыс демалыс деп санайды. «Ұжымда әдетте мен домбыра тарта отырып ән салуды бастаймын, өзгелер соған қосылады. Қазір карантин күшейіп, мерекелерді тойлауға тыйым салды ғой, сондықтан тезірек бұрынғы кездер қайта оралса деп асығып жүрмін», – дейді өнерлі теміржолшы.

Әріптестері де Айгүлдің әндерін сағынып жүргендерін жасырмайды. Басқосу болса, олар міндетті түрде Айгүлге домбырасын ала кел деп қолқалайды екен.

1997 жылы Ақмола теміржол көлігі колледжін, 2004 жылы Қазақ темір жол университетін бітірген ол еңбек жолын алғаш рет балалар теміржолында бастаған. Жолшылар дистанциясында жұмыс істеп келе жатқанына биыл 17 жыл. Үш баланың анасы, жолдасы да теміржолдағы өрт сөндіру пойызында істейтін теміржолшы, теміржолшылар династиясының өкілі. Айгүлдің қазіргі қызметі өте тығыз жұмыс кестесінен тұрады. Себебі өте үлкен аумақтың теміржолына қызмет көрсететін жол дистанциясында тынымсыз шаруасынан ол жұмыс уақытының қалай біткенін білмей де қалады.

«Бұрын темір жол өткелдері, АЛСН кодының бұзылуы, рельс тізбектері, өндірістік емес шығындар бойынша жұмыстар жүргіздім. Ал қазір түйіспесіз жолдар және өрт қауіпсіздігі мәселелерімен айналысамын. Түйіспесіз жол дегеніміз бір-біріне дәнекерленіп, ұзына бойы жалғасатын рельс бунақтары. Осындай жолдың жағдайын бақылап, техникалық құжаттамасын дайындап енгіземін», – дейді ол. Ағымдағы жұмыстарынан бөлек ол әр айдың екінші сәрсенбісінде теміржол бойына желіге шығып, көктемгі және күзгі комиссиялық байқаулар кезінде комиссия құрамына енеді.

*Суретті түсірген автор*

## ҚОЛӨНЕР – ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ ҚАНЫНДА БАР ҚАСИЕТ

**Қызылорда теміржол вокзалында еңбек ететін Жанат Маханбетжанова – анасына қарап «тон пішетін» ибалы қазақ қызының ұлағатты жолын жалғастырушы. Қолөнер шебері болып танылған Жанатты әріптестері он саусағынан өнер тамған жан деп мақтан тұтады. Оның қолынан шыққан қолөнер бұйымдары үлкен сұранысқа ие, алдын ала тапсырыс беріп алатындар да көп.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда



Сұлутөбе станциясында еңбек еткен теміржолшылар Кеңес пен Айманның отбасында 1968 жылы дүниеге келген Жанат жастайынан ине-жіпке жақын болыпты. Күнұзақ көз майын тауысып іс тігетін қыздарының тірлігін ата-ана да құп көріп, істегенің бізге жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы, кәсіп қылмасаң да әйел адамға ісмерлік артық болмайды дейді екен. Сауда саласының мамандарын даярлайтын оқу орнында білім алып, қаладағы «Дархан» гастрономында сатушы болып еңбек жолын бастағанмен, 2000 жылы Қызылорда вагонсервис мекемесіне вагон жуушы болып ауысып кетеді. Міне, содан бері тәртібі қатаң теміржол мекемесінің техникалық персоналға артылған салмағын атқарып келеді. 2016 жылы Қызылорда теміржол вокзалының техникалық қызметшісі болып ауысып, әлі күнге жұмыс жасап келеді.

Ауысыммен жұмыс жасайтын Жанат Кеңесқызы жұмыстан тыс уақытта жолдасы Жарасбектің көмегімен, ұл-қыздарының қолдауымен осы қолөнер бизнесін бастағалы да талай жыл. Шүкір, бұйымдары көптің көңілінен шығып, тапсырыс берушілердің разылығына бөленіп келеді. Оның қолынан шыққан қыз жасауы, түрлі көлемдегі қобдишалар, құрақ көрпешелер мен көрпелер, қоржын, той табақтар, корзиналар, құмыралар, әртүрлі дизайндегі сәукелелер тұтынушылардың тұрмыстық қажеттілігіне жараса, тоқыма өнімдері – шұлық, мойыншалғы, балалар жейдесі, қалпақ секілді киім үлгілері де тапсырыс берушілердің сұранысын қанағаттандырып отыр.

– Ең алғаш кіші көлемдегі, майда қобдишаларды безендіріп жасаудан бастаған кәсібімнің ауқымы қазір едәуір көбейді. Қолөнер – ұлттық тәрбиенің көзі. Маған көмектесем деп қазір отбасының бәрі шебер болды. Ең бастысы, жұрттың көңілінен шығуды мақсат тұтамын, – дейді Жанат.

*Суретті түсірген автор*

## ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ ДЕГЕН ОСЫ...

**Болашақ станциясында «Екінші балабақша» аталып кеткен бір үй бар. Балдырғандар да оған үйір. Ата-аналар да баласы үйінде болмаса сол «балабақшадан» іздейтін көрінеді. Себебі үйдің ауласында шағын болса да көзтартар балалар алаңқайы орналасқан.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Қаладан қашықтағы станция бүлдіршіндеріне мұндай қуанышты теміржолшы жігіт, станцияның пойыз қабылдаушысы Серік Бөрібаев сыйлап отыр. Ол өз қолымен тұрғызған алаңқайды ауыл балаларына тарту, елдімекенді абаттандыру мақсатында жасапты. Онда ағаштан, машинаның ескі доңғалақтарынан қауіпсіз әрі ыңғайлы түрлі ойыншықтар бар. Сол жерде күнұзақ теміржолшының өз балаларымен бірге алыс жақындағы көрші-қолаңның қаракөздері де ойнайды.

Теміржолшының қолынан шыққан бұйымдары ауылдастары үйінің төрінен орын алғаны қашан. Көбіне сыйлық ретінде, біреулерге көмектесу мақсатында жасап береді екен. Қазір әсіресе Наурыз күндері әрбір үй төрінде Серік жасаған шай үстелдерге мейрам дастарханы жайылып, келі мен келсапта әжелеріміздің шайының дәмін, әрбір қазақ дастарханының сәнін келтіретін тары, талқан түйіліп жатқаны ғанибет емес пе?! Ол негізінен күнделікті тұрмыстық қажетті бұйымдар жасайды. Оның ішінде сәкі, шай үстел, орындық, балта, балға, қашау саптары, ілмек біздер, келі-келсап, сувенирлер және бүлдіршіндер үшін тербелетін ағаш ат, шағын алаңқайға сырғанақ, әткеншек дегендей ойыншықтар да бар. Болашақта бұл тізімді ұлғайту ниетінде.

– Бала кезден домбырамен ән айтуды жақсы көретінмін. Мұғалімдер ашық сабақтарына сұрап алатын. Ұлы тұлғаларымыздың суретін салғызатын. Мұндай өнерге жақындық атамнан дарыса керек. Туғаннан үйдің үлкені болғасын ата-әженің қолында тәрбиелендім. Атам үйде домбырамен жыр-терме айтып, ағаш, темір ұсталығымен айналысатын. Кішкентайымнан керек нәрселерін алып беріп, қасынан айналшықтап шықпайтынмын. Ол уақытта бала болсам да көргендерім есте қалыпты. Уақыты келгенде өзім де сол кәсіпті нәсіп еттім. Атам сияқты жыр-терме жаттап, домбырамен айтуды ұнаттым. Болашақта бұл өнерді одан әрі дамытып, балаларыма үйреткім келеді. Қазір шағын ғана қойманы шеберхана ретінде қолданамын. Сол цехты кеңейтіп, жаңа станоктар сатып алуды армандаймын. Бүгінде қол жетпей, қаражат кедергілерінен өнерді онша дамыта алмай отырмын. Ағаш бұйымдары табиғи таза өнім болғандықтан оған қашанда сұраныс жоғары. Істеген бұйымдарыма құда түсушілер көп. Бірақ бәрі қаражатқа тіреледі. Қажет материалдарды жан-жақтан алдырту керек. Қолдан көп нәрсе келгенмен тон келтелік қылып тұр, – дейді Серік Бөрібаев.

Ол теміржолшы болғанға дейін осы қолөнердің арқасында отбасын асырап, оқып, аяққа тұрыпты. Туған жері Бейнеу ауданында үй жиһаздарына, пластик терезе, есіктерге тапсырыс қабылдаған.



– Қызым туғанда тербелетін ағаш ат істеп бергенмін. Көргендер тапсырыс беріп, сұрап жатты. Көбіне көрші қолаң, ағайын-туыс сынған пышақ, балға, басқа да құрал-сайманы бар ма, саптап бер деп маған келеді. Біреулері материалын алып келіп, жасап беруімді сұрайды. Қолдан келіп тұрса, қалай жоқ дерсің. Ауылға көмегім болсын деп айтқанын істеп беремін, – деген қолөнерші жігіт отбасылы, бүгінде екі ұл мен екі қыздың әкесі.

*Суретті түсірген автор*

№11-12 (2619-2620) 19/03/2021

**Представитель известной династии, Почетный железнодорожник, заслуженный ветеран отрасли, специалист высшего класса, воспитавший не одно поколение путейцев, Куванчал Естемисов накануне праздника Наурыз отмечает свое 75-летие.**



# СИМФОНИЯ ТРУДА

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Много лет он занимал руководящие и ключевые позиции в системе железнодорожного транспорта. И надо сказать, чтобы быть руководителем в период объединений и разъединений дорог, происходящих реформ, перемен и структурных перестроек, и при этом четко держать свои позиции, совсем непросто.

Куванчала не миновало послевоенное лихолетье. Он родился на разъезде №54 Кировского района Талдыкорганской области в многодетной семье фронтовика, дошедшего до Берлина, железнодорожника, старшего стрелочника, был самым старшим из детей и с малолетства познал труд. Уже подростком знал, что станет путейцем, мог часами смотреть, как за горизонт уплывает солнце и ленточкой убегает железнодорожный путь – такой манящий и далекий…

Всю свою жизнь наш герой посвятил нелегкой работе путейца. Начинал с должности монтера пути в Айнабулакской дистанции пути. Парень мужественно противостоял минусам избранной профессии: с тяжелым путейским инструментом в любую погоду обследовал километры железной дороги, тщательно устраняя все изъяны на пути поездов. Он с теплотой вспоминает своих добрых наставников, людей сильных духом и преданности колее – дорожного мастера Владимира Каретникова и бригадира пути Михаила Бухароа.

Еще восемнадцати лет не исполнилось, как он взял в руки молоток. «Ну что, Коля (так его называли на разъезде), это твой диплом», – шутили наставники, видя, как рьяно парнишка справляется с инструментом. Именно они рассмотрели в нем задатки толкового специалиста.

Куванчал поступил в Алматинский железнодорожный техникум, по окончании которого был направлен в Илийскую дистанцию пути. Работал бригадиром пути, обслуживая участки Боктер – Малайсары, Коскудук – Сары-Озек. За это время научился грамотно координировать работу, набрался опыта. Затем трудился дорожным мастером, и уже тогда снискал себе славу не только грамотного специалиста, но и хорошего организатора. Вскоре под руководством дорожного мастера Кукванчала Естемисова небольшой коллектив вышел в число лучших. Его участок всегда был на хорошем счету, путь здесь содержался в отличном состоянии. Железнодорожник и сегодня помнит особенности каждого километра, пикета и даже звена на своем участке. Помнит, как устраняли перекосы, регулировали зазоры в стыках плетей, и путь становился надежным, увеличивалось количество отличных километров.

В 1979 году перевелся в Чуйское отделение дороги, где возглавил отдел пути. Уже позже был назначен первым заместителем, затем начальником службы пути Алматинской железной дороги. Были в его трудовой деятельности должности ревизора пути, директора Бескольской дистанции пути.

– Какую бы должность я ни занимал, всегда старался построить в коллективе доверительные отношения. – Путейцев всегда отличали единство и чувство плеча, трудовая порука и сплоченность, – с волнением говорит ветеран.

В 2000 году Куванчала Естемисова пригласили возглавить Жамбылское отделение магистральной сети, где он проработал четыре года. А в 2004-м он становится директором Алматинского отделения магистральной сети. Но новая сфера деятельности для железнодорожника не была тяжелой и обременительной, его прекрасные коммуникативные способности и целеустремленность помогали в работе. Приходилось решать не только производственные задачи, но и бытовые, жилищные вопросы, курировать развитие инфраструктурных объектов станции Достык, заниматься кадровыми вопросами. И надо отдать должное Куванчалу Естемисовичу – за многие годы работы первым руководителем в нелегких условиях реструктуризации отрасли, оптимизации штатов, он смог сохранить основной костяк аппарата управления, свои кадры.

Как выходцу из сельской местности, ему небезразлично развитие поселков и станций, как никто другой он знает нужды и чаяния отдаленных станций и разъездов. Все, с кем работал Естемисов, отмечают, что этот человек обладает бесценным качеством руководителя, умением оценивать возможности других. Он редко ошибался в выборе, и уж если рекомендовал кого-то, обдумал кандидатуру со всех сторон. Впрочем, основательность Естемисова проявляется не только в этом. Он и по жизни все делает, тщательно обдумав каждый шаг.

Уже спустя годы Куванчал Естемисович занялся благотворительностью, при его непосредственном участии на родной станции Таурасы открыли памятник участникам Великой Отечественной войны и стелу строителям легендарного Турксиба.

– Наш разъезд – это маленький кусочек великого Турксиба. Поэтому железнодорожные традиции у нас на особом счету. Мы об этом помним всегда и стараемся сохранить доброе наследие наших отцов, – говорит Куванчал Естемисов.

В арсенале этого человека множество наград, юбилейных медалей, но самая значимая для него – это знак «Почетный железнодорожник».

Свой праздник Куванчал Естемисович отмечает в кругу семьи, наш ветеран имеет прекрасное наследие – троих сыновей и восемь внуков.

